

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ  
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

ЖАҒАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ШЕТЕЛ  
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ  
ӘЛЕМІНІҢ ЖАҢАРУЫ

Алматы  
2014

ӘӨЖ 325  
КБЖ 66.3  
Ж 35

*ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор **З.К. Шәукенова** және философия ғылымдарының докторы, профессор **С.Е. Нұрмұратовтың** жалпы редакциясымен

#### **Рецензенттер:**

**Б. Аташ**, философия ғылымдарының докторы, профессор  
**З.Н. Сәрсенбаева**, философия ғылымдарының докторы  
**Б.М. Сатершинов**, философия ғылымдарының докторы, доцент

#### **Авторлық ұжым:**

**Нысанбаев Ә.Н.**, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор (авторлық топтың жетекшісі) – Кіріспе және қорытынды, 1.2.; **Нұрмұратов С.Е.**, философия ғылымдарының докторы, профессор (авторлық топтың жетекшісі) – Кіріспе және қорытынды, 1.1., 3.3., 4 тарау; **Барлыбаева Г.Г.**, философия ғылымдарының докторы – 2.1.; **Әлжан Қ.Ұ.**, философия ғылымдарының кандидаты – 2.2., Қорытынды; **Мейірманов А.Д.** – 2.2.; **Қоңырбаева К.**, философия ғылымдарының кандидаты – 3.1.; **Бижанова М.А.**, философия ғылымдарының кандидаты – 3.2.; **Ошақбаева Ж.Б.**, философия ғылымдарының кандидаты – 3.3.

**Ж 35 Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы** / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 224 б.

ISBN – 978-601-304-018-9

Ұжымдық монографияда алыс және жақын шетелдердегі қазақ халқы өкілдерінің тарихи қалыптасқан дәстүрлі және заманауи құндылықтар дүниесі сараптаудан өткізіледі. Авторлар шетелдегі қазақтардың дүниетанымдық және құндылықтық бағдарларын өзіндік жаңғырулар тұрғысынан қарастыра отырып, отандастармен өзара байла-ныстың маңыздылығын жан-жақты айқындауға талпынады. Қазіргі тарихи кезеңдегі диаспоралық әлемнің кейбір қайшылықты тұстары ғылыми-қолданбалы байыптау-дан өткізіледі.

Оқырмандарға ұсынылып отырған кітап қазақтың әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне қызығушылық танытатын мамандарға, сонымен қатар еліміздің жоғары оқу орындарының гуманитарлық саласының оқытушылары мен студенттеріне, магистранттары мен PhD докторанттарына арналған.

ӘӨЖ 325  
КБЖ 66.3

ISBN – 978-601-304-018-9

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
<b>1 ҚАЗІРГІ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІН ЗЕРТТЕУ ДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
1.1 Шетел қазақтарының құндылықтық дүниесінің тарихи қалыптасуы мен ділінің этнопсихологиялық ерекшеліктері.....	11
1.2 Жаһанданудың шетел қазақтарының құндылықтық санасына тигізетін әсері және әлем қазақтарының біртұтастығы идеясы.....	51
<b>2 ЖАҚЫН ШЕТЕЛДЕГІ ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕ ЖАҢАША СИПАТТАЛУЫ</b>	
2.1 Жаһандану дәуіріндегі Ресей қазақтарының дүниетанымдық көзқарастары.....	77
2.2 Өзбекстандағы қазақ диаспорасы: дәстүрлі құндылықтар және заманауи жаңарулар.....	100
<b>3 АЛЫС ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛЕНУІ</b>	
3.1 Шығыс пен Батыстың сұхбаты аясындағы Қытай қазақтарының құндылықтық әлемінің өзгеруі.....	120
3.2 Моңғолия жеріндегі қазақтардың дәстүрлі мәдениеті құндылықтарының сақталуы.....	142
3.3 Түркия мен Батыс Еуропадағы қазақ диаспорасы өкілдерінің жаңғырған заманауи әлемге бейімделуі.....	158
<b>4 ҚАЗАҚ РЕПАТРИАНТТАРЫНЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ РҰХАНИ ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕЛУІ</b>	
4.1 Заманауи кезеңдегі қазақ репатрианттарының құндылықтық әлемінің өзгеруі.....	181
4.2 Қазақ оралмандарының жергілікті тұрғындармен қатынасындағы құндылықтық бағдарлары.....	200
<b>Қорытынды орнына. Ғылыми-практикалық ұсыныстар.....</b>	<b>211</b>
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет.....	218
Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.....	220
Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.....	222

### 3.2 Моңғолия жеріндегі қазақтардың дәстүрлі мәдениеті құндылықтарының сақталуы

XIX ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басы қазақ халқы үшін тарихи толқымалы жағдайларға, қазақтың ұлт ретінде өмір сүру тағдырын шешуі мүмкін болған оқиғаларға толы кезең болды. Егеменді Қазақстан өзінің тәуелсіздігін нығайта түсумен қатар алыс және жақын шет елдердегі отандастарына ерекше көңіл бөліп жатқаны белгілі. Қазіргі таңда шетелдегі қазақ диаспорасының жағдайы, тағдыры, өмір-тіршілігі, олардың тарихи отанына оралмандар болып келуі өте маңызды. Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі өз бетімен емес, тағдырдың жазуымен, саяси-қуғын-сүргін, аласапыран заманда өзге елдерге қоныс аударуға мәжбүр болған.

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы жаңару кезеңіндегі этникалық қазақтардың құндылықтық әлеміндегі өзгерістерді ғылыми сараптау қазіргі жаһандану жағдайындағы қазақ диаспорасының әлеуметтік-психологиялық сипаттамасын жасаумен астастырылуда. Егер қазақ диаспорасы кең тараған елдердің ішінде өзектене түскен проблемалардың өзіндік құндылықтық жіктемесін жасайтын болсақ, онда алдымен тіл мәселесі алға шығады. Қазіргі кезеңде шетелдерде қазақ диаспорасы өкілдерінің өз этникалық тілінде жас ұрпағын мектептерде оқытуға мүмкіндіктер азая бастауда.

Заманауи мағынадағы шетелдегі қазақтардың этникалық ділінің ерекше белгілерін бағамдау негізінен нақты тарихилық және салыстырмалы талдау ұстанымдары арқылы анықталды. Себебі әрқилы елдегі жағдайлардың өзіндік ерекше сипаттары бар екенін ескерген жөн. Мәселен, Қытай елі басқа елдерге қазақ ұлтының өкілдерін (басқа ұлт өкілдеріне қатысты да) елімізде азаматтық алған жағдайда ғана өзіндегі азаматтықтан шығара алатыны белгілі. Осындай құқықтық тұрғыда сәйкес келмейтін халықаралық қатынастық қайшылықтар дұрыс шешімін тапқанда ғана көші-қон мәселесінде сапалы өзгерістер болары хақ.

Қазақ диаспорасының өзіндік санасының дамуы аясындағы рухани сабақтасу мәселесін қарастыру да маңызын арттырып отыр. Себебі, шетелдегі қазақтар арасында ұлттық мәдениетіміздің төлтамалық мәйегі сақталған. Қазіргі қазақтардың мәдениетінің тарихи бастаулары негізінен елімізде қордаланып отырғаны белгілі және осы тұрғыдан алғанда «тарихи Отан» деп аталатын ресми

мекенмен шартараптағы қандастарымыздың рухани және мәдени қатынастарын тереңдете түсу мәселесі жаңа қырларын танытуда. Мәселен, көптеген этнологиялық күрделі мәселелердің терең астары мен шешімі осы өзара байланыстарды дамытуда жатыр. Сондықтан, зерттеу аясында қайшылықты мәселелер толығымен анықталды.

Әдетте, зерттеуші ғалымдарымыз Қазақстанға оралған қазақ диаспорасының туып өскен мемлекеттерінің мәдени ортасын (саяси – әлеуметтік мәдениет негізінде) төрт үлкен типке бөледі. Олар: моңғолдық мәдени орта; қытайлық мәдени орта; кеңестік мәдени орта және исламдық мәдени орта (бұған Ауғанстан, Иран және Түркиядан келген қазақтар жатады). Олар осындай әртүрлі мәдени ортада өмір сүрсе де, қазақ халқының ортақ дәстүрлі мәдениеті мен құндылық көзқарастарын жақсы сақтады. Бұл олардағы ортақтық болып табылады. Осындай ортақ түсінік пен сана-сезім, оларды ұлттық ұлы біртұтастыққа бастап келеді. Өйткені тәуелсіз Қазақстанға көшіп келіп, мұндағы қалың қазақ халқымен тоғысып, бірегей ұлтқа айналып, қазақы болмыста өмір сүру – қазақ диаспорасының немесе этникалық қазақтардың ортақ арманы. Сондықтан Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстанға әртүрлі жолдармен келушілердің қатары көп болды, әсіресе ұлттық сана-сезімі күшті жастар мен орта жастағы ұлтжанды зиялылардың (интеллигенттер) көшіп келу белсенділігі жоғары болды. Бұл заңды құбылыс болатын.

Қоғамда қалыптасқан жаңа қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қабылдау адамның әлеуметтік белсенділігін туғызып, диаспора адамының қоғамға, әлеуметке бірегейленуін іске асырады. Дүние жүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде.

Кезінде елімізден түрлі себептермен көшіп кеткен қандастарымыз барған жерінде өзге халық арасына ұлттық болмысын, ана тілін, салт-сапасын, мәдениетін, өнерін барынша сақтап қалуға тырысты. Берісі Қытай, Моңғол, арысы Ауған, Үнді, одан әрі Түркия мен Батыс Еуропаға өтіп кетсе де, қазақи болмысын сақтап, шетелдегі қазақ диаспорасы ретінде қазақ ұлтының бір бөлшегі болып өмір сүруін жалғастырды. Сондай диаспорының бір тобы Моңғолиядағы қазақтар.

Осы қазақ диаспорасының келешегіне көз жүгіртіп, ұлт болып сақталуына мүмкіндік жасаудың маңызы зор. Алтай тауының теріскей бетінде қазақ ұлтының шағын тобы өз бетінше дербес өмір сүріп, білім-ғылым көшінен қалмай, ана тілін қастерлеп, өз ұлтының рухымен, мәдениетімен, өнерімен сусындап, рухани байлығының сарқылмастай қорын жинап келді. Сондықтан Моңғол қазақтарының мәдениетін зерттеу, соған орай пәрменді бастамалар көтеріп, бағыт-бағдар беру, олардың білім алуда, мәдени-рухани дамуда өткізген тағдыр талабына есеп жасап, диаспора мәселесіне қатысты стратегиялық ұстамын белгілеп, саясат жүргізу ұлт мүддесінен туындайтын өзекті мәселе. Моңғол қазақтарының мәдениетін, өнерін зерттеп, саралап, қорытынды жасау бүгінгі күні ғылыми маңызы бар іс болып табылады.

Тарихи деректерді сүйенсек, Моңғолияға қазақтар алғаш 1860 жылдары, яғни Ресей мен Қытай империясы қазақ жерін бөлшектеп, алғаш шекара бағанын қадай бастаған тұста, Моңғолияның Маньчжурияның бұғауынан босап жеке шаңырақ құруға ұмтылған кезеңінде қоныс аударған екен. Моңғолия мен Қытай арасындағы шекара 1930 жылдарға дейін ашық болғаны белгілі. Осы уақытта мал жағдайына орай Алтайдың күңгейі мен теріскейіне көшіп-қонып жүрген қазақтың бір бөлігі Моңғол билеушісінен арнайы жер сұрап, Алтайдың арғы бетінде қонақтап қалған делінеді.

«Баян – Өлгий» – моңғол тілінен аударғанда «Бай өлке» дегенді білдіреді. Бүгінде бұл аймақта 100 мыңға жуық қандасымыз тұрады. Олардың негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Жаз мезгілінде жайлауға шығып, қолындағы малын отарлап бағатын көшпенді халықтың ұрпақтары тамылжыған табиғат аясында күні бүгінге дейін биесін байлап, қойын өріске жіберіп, мамыражай тірлік кешіп отыр.

Баян-Өлгий аймағы саяси-әкімшілік бағыныштылығы жағынан Моңғолияға тиесілі болғанымен, осы 70 жыл ішінде ондағы идеология қазақы идеология болды. Қазақтың жырақта тігілген жеке отауындай күй кешті. Алыс шетелдегі дәл осындай өзгеше құрылыммен жасақталған, жеке мәдени автономиясын құрған қазақтар бірден-бір деп айтуға болады.

1940 жылы тамыз айында 20 киіз үймен алғашқы құрылтайы болып өткен. Осы құрылтайда Қазақтың ұлттық Баян-Өлгий аймағын құру туралы Қаулы қабылданып, оның басшысы ретінде Бежеұлы Қабиды сайлау туралы шешім шыққан. Баян-Өлгий аймағы жасақ-

талғанда, 10 аудан (сұмын), 56 ауылдан (бақ) тұрған екен. Бұнда 7063 отбасы, 32 мыңнан астам адам, 9 миллионнан астам малы болған екен.

Осы кезеңнен бастап, Баян-Өлгий аймағына Қазақстаннан арнайы мамандар келіп, әр саланың көркеюіне, дамуына өз үлесін қосты. Әр ауылда жаңадан сауат ашу мектептері ашылып, ұлттық газет-журналдар шыға бастады, ұлттық баспахана салынды, ұлттық музыкалық драма театр ашылып, алғаш 40 адамнан құралған ұлт аспаптар оркестрі құрылды. Осы кезде Қазақстаннан Абай Қасымов, Шәріп Өтепов секілді саяси қайраткерлер келсе, Алдаберген Мырзабеков, Хабиболла Тастанов секілді өнер қайраткерлері қазақ ұлттық театрының шаңырағын тіктеуге ат салысты. Ал, Төлеубай Қордабаев, Тілеуберді Сауранбаев секілді оқу-ағарту саласының мамандары әр ауылда мектеп ашуға кірісті. Тағы бір айта кетерлігі – мектептердегі оқу-ағарту ісі, идеологиялық іс-шаралардың барлығы Қазақстанның бағдарламасымен жүргізіліп отырды. 1990 жылға дейін Қазақстанда жарық көретін мерзімді басылымдардың барлығы Баян-Өлгийге жеткізіліп тұрды. Оқулықтардың барлығын дерлік Қазақстаннан алатын. Тек қана Моңғолияның жағрапиясы мен тарихын, әдебиетін моңғол тілінен қазақ тіліне аударып шығаратын [1].

Моңғолия үкіметінің тұрақты Парламенті Кіші Құрылтайдың 1940 жылы 27 шілде күнгі № 37 қаулысы бойынша Қазақтардың Баян-Өлгий» (Байбесік) атты жеке аймағы құрылуы Моңғолиядағы қазақтардың саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі жаңа қадам, қазақтардың бір бөлімі Моңғолияда түбегейлі мекендеп қалуының негізі болды. Баян-Өлгий аймағы алғаш құрылғанда 10 сомон [13] 56 баг [14], 7063 жанұя, 32301 жан, 920480 бас малы болды. Ол кезде 32 301 адамның 24 мыңға жуығы қазақтар болатын [15]. Бұл оқиға моңғолиядағы қазақтардың өсіп өнуіне ғана емес өзіндік мәдени-этникалық салтының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.

Баян-Өлгий аймағының құрылуы – тек Моңғолия үшін емес, жалпы қазақ үшін ерекше маңызға ие болды. Бұл жерде қазақтың этно-мәдени салтын өте жақсы ұстаған бір отауы қалыптаса бастады. Қазақ сан жағынан да, рухани жағынан да өсіп жетілді. Қазақстанға көшіп келгенімен қоса есептегенде, Моңғолия қазағының саны 170 мыңнан асты. Тек қазаққа тән мәдениет, әдебиет, ғылым, білім, ақпараты дамыды. 1965 жылдан бері қарай Моңғолияда қазақ

радиосы күніне бір сағат эфирге шығады. Осы радио сондағы қазақтарға рухани тұрғыдан ерекше әсер етті.

Бүгінге дейін Моңғолия қазақтары арасынан 24 ғылым докторы, 61 ғылым кандидаты, 26 адам Моңғолияның Еңбек ері, 70 қазақ Моңғолияның еңбек сіңірген қайраткері атанған, 8 адам мемлекеттік сыйлықтың иегері болған. Моңғолияның саяси-қоғамдық өмірінде ерекше рөл атқарған саяси қайраткерлер туып шықты. Айталық, жоғарыда аты аталған Қаби Бәжіұлы, партия комитетінің төрағасы болған, кейін Ұлы Хуралдың (Жоғары Кеңес) басқарма мүшесіне сайланған Ноғай Шымшырұлы, Қашқынбай Мәлікұлы – Моңғолия Парламентінің хатшысы, Мұқан Жылыбайұлы – ұлттар комиссиясының бастығы, Жәмила Әпсаламқызы Ұлы Хурал депутаты болды.

Моңғолияның әуе күштерінің бас қолбасшысы, даңқты ұшқыш Мұқарыс Зайсанов, батыр Ікей Мәзімұлы, әйгілі ұстаз Шолтай Советұлы, академик Мекей Әбішұлы, Мағыш Аятқанұлы, халық әртісі Қибатдолда Жұмапиұлы, әйгілі ақын Ақтан Бабиұлы, сыбызғышы Құмақай, әйгілі күйші Байысхан Рапиұлы, Құрметбек Байтазаұлы, Тілейхан Орынұлы, Мұсахан Қаматжанұлы сияқты қайраткерлер туып шықты. Олар – мемлекет көлемінде үлкен рөл атқарған адамдар.

Қазақ диаспорасын зерттеуші ғалым Зардыхан Қинаятұлы: «Меніңше, шетте отау көтерсе де, қазақ мәдениеті үшін ұланғайыр үлес қосқан Баян-Өлгий аймағының 70 жылдық мерейтойы тек Моңғолиядағы қазақтардың ғана тойы емес, бұл жалпы қазаққа тән мереке болуы тиіс. Өйткені, шеттегі қазақ диаспорасының ішінде Баян-Өлгий секілді ерекше құрылым өте аз» – деп өзінің Баян-Өлгий аймағының саяси-тарихи мәні жөнінде Азаттық радиосына берген арнайы сұхбатында атап өтті [2].

Елшілік берген соңғы мәліметтерге сүйенсек Моңғолиядағы қазақтардың жалпы саны қазір 100 мың адам екен. Соның ішінде қазақтар бас қала Улаан Баатарда және қала маңындағы сұмындарда (елді мекендерде) орналасқан. Мұндағы халықтың басым бөлігі өндіріс, кен орындарында, дәстүрлі мал шаруашылығымен, оның ет-сүт, тері өнімдерін өндіру, өңдеу ісімен шұғылданады. Жаз жайлауын малға жайлы, шөбі шүйгін ішкі Моңғолияның тамаша табиғаты аясында өткізген қандастар алдында өрген отарлары мен ірі қараларының санына, малшылардың көңілі жайлы. Ата кәсіп

болған мал шаруашылығының қаймағын бұзбай ХХІ ғасырға дейін алып келген Моңғолия қазақтары деуге болады [3]. Қазіргі заманда алыс және жақын шетелдердегі отандастарымыздың өмір тіршілігін, руханият әлемін ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырудың мүмкіндіктері кеңеюде. Тәуелсіздік жылдары алыс-жақын шетелдерден елге 1 миллиондай қандастарымыз оралғаны белгілі. Олар елімізге адам ресурстарын көбейтіп, сонымен қатар елімізге қазақтың дәстүрлі мәдениетімен қоса, өздері өмір сүрген елдердің кейбір озық мәдениеттерін де ала келді.

Қазақстаннан тысқары елдерде өмір сүретін қазақтар, қашан да өздерінің ұлттық болмысын сақтауға баса назар аударады. Қазақ диаспорасын зерттеуші ғалым Нәбижан Мұқаметханұлы өзінің зерттеулерінде: «Олар өздерінің ұлттық тіл, дін, ділдерін (менталитет) жақсы сақтаумен қатар, дәстүрлі тұрмыс салты мен қолөнер кәсіптерін де айтарлықтай жалғастырып, дамытып отырады. Сондай-ақ өздері тұрған елдің заманауи білім-ғылымы мен сауда-индустрия саласының менеджменттік өнерін де игерген. Әсіресе, этникалық қазақтар шоғырлы қоныстанған Моңғолия мен Қытай қазақтарында ұлттық дәстүрлі мәдениет айтарлықтай жақсы сақталған және дамыған. Осындай мәдени ортадан Отанға оралған қандастарымыз Қазақстан қоғамына тың күш жаңа мәдени леп әкелді. Олар алып келген мәдениетті, дәстүрлі мәдениет және заманауи мәдениет деп екіге бөліп айтуға болады. Дәстүрлі мәдениет бойынша айтқанда: біріншіден, қазақтың қаймағы бұзылмаған тілін, дәстүрлі дінін және тұрмыс салтын әкелді; екіншіден, қазақтың ұлттық рухын, мінез-құлқын, ақылақ – моральдық қасиеттерін әкелді; үшіншіден, дәстүрлі қолөнеркәсіптің түрлі үлгілерін әкелді; төртіншіден, қазақтың дәстүрлі емшілік өнерін әкелді; бесіншіден, қазақтың дәстүрлі ән-би, музыкасын жеткізді. Ал заманауи мәдениет тұрғысынан айтар болсақ: біріншіден, олар жаңа спорт өнерін әкелді, яғни Шығыстың тайкуандоу өнерін таратты (Мұстафа Өзтүрік); гунфу өнерін таратты (Жәмәли Диханұлы және басқалар); екіншіден, заманауи және дәстүрлі ән-би өнерін әкелді (Майра Мұхамедқызы, Шұғыла Сапарғалиқызы және басқалар Қазақстан ән-би өнерін биік деңгейге көтерді; Жәмәли Диханұлы, Арыстан қажы қатарлылар қазақтың «Қара жорға» биін елге таратты); үшіншіден, отандық тарих ғылымына жаңа ғылыми күш әкелді. Олар Шығыстың ескі қолжазбаларын түпнұсқадан тікелей оқып пайдалана алатын тарихшы лингвист

мамандар: Зардыхан Қинаятұлы, Сартқожа Қаржаубайұлы, Нәпіл Пазылханұлы (ескі моңғол, манчжур және түркі руникалық жазуларды оқитын тарихшы, филологтар); Ислам Жеменей (ескі парсы жазбаларын оқитын филолог), Бақыт Еженханұлы, Сағынтай Сұғатайұлы, Жәнімхан Ошан және Нұрлан Кенжеахмет (мақала авторы да солардың қатарында, ескі қытай жазбаларын оқитын тарихшылар); төртінші, Қытай-Тибет медицинасын әкелді (Ерлан Ғазезұлы, Жасан Зекейұлы және басқалар)» – деп атап көрсеткен [4].

Ең бастысы олар өмір сүріп отырған доминатты ұлттың ішінде қазақы келбеті мен этникалық тұтастығын сақтай білді. Сондықтан да Моңғолия қазақтарының әдет-ғұрыптары байырғы қалпында өзгеріссіз сақталған. Моңғолия қазақтарының отбасылық әдеп-ғұрыптарын екі түрге жіктеуге болады. Олар: тілеу және науқан. Тілеуге қуаныштық рәсімдер кіреді. Яғни сәбидің дүниеге келген шіддехана тойынан бастап үйлену тойына дейінгі аралықтағы орындалатын рәсімдер. Науқан – адам қазасына байланысты өткізілетін ғұрыптық рәсімдер. науқанға қайтқан адамның қонақ асы, жетісі, қырқы, жүзі, асы жатады.

Моңғолия қазақтары Наурыз мерекесін тойлауға да аса мән береді. Наурыз мерекесі – қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің көрініс табатын кезеңінің бірі. Моңғолия қазақтарында Наурыз тойы және оның өткізілуі уақыты туралы өзіндік ережеліктер қалыптасқан. Наурыз тойы 90 жылдардың орта кезеңіне дейін ақпан айының 20-сы немесе наурыз айының бас кезінде өткізіліп келген. Яғни Моңғол халқының жаңа жылы Саған сарыдан 10 күн бұрын тойланатын болған («Саған Сары» буддалық жыл санау бойынша ақпан мен наурыз айларының арасында, бірде 10 күн ілгері, кейде 10 күн кейін келіп отырады). Тек Қазақстанмен арақатынас басталғаннан кейін Наурыз тойын осы айдың 22-сінде тойлап өткізу қалыптасқан екен [5].

Наурызға байланысты аңыздарды екі жікке бөлуге болады. Біріншісі, діни сипаттағы аңыздар. Моңғолия жері қазақтарына ислам діні Қытай арқылы тараған. Баян-Өлгей аймағын мекендейтін қазақтар өзі отырған жерлерін Қобда беті десе, ал Қытай жағын Алтай беті деп атайды. Қазір екі мемлекеттің (Қытай, Монғолия) территориясында өмір кешіп жатқан халық кезінде біте қайнасып, араласып жатқан. Талай тарихи тұлғалар екі бетке де ортақ болып айтылады. Қобда бетіне діни шығармалар Ақыт қажының шығар-

машылығы арқылы кең тараған. Ақыт қажы жөнінде жекелеген кітаптар жарық көрген.

Наурыз тойымен астасып кеткен Қазырет Қали немесе Қали Арыстан – атағы мәшһүр Әзірет Әлінің өзі деп айтады. Бұл тарихи тұлғаның мешіті Ауғанстан мемлекетінің Мазар-и Шариф қаласында бой көтеріп, күні бүгінге дейін сақтаулы. Кез келген аңыз-жырларға тән нәрсе – адам аттары, уақыт үнемі дерлік дұрыс сақтала бермейді. Сондықтан да Әзірет Әлі жөніндегі аңыздар да, ол жөнінде қалыптасқан ұғымдар да осы қатардан орын алады.

Наурызға байланысты аңыздардың бойындағы екінші сипат, бұл батырлар жекпе-жегі немесе екі халық арасындағы қақтығыстар. Діни сарынға қарағанда, бұл екінші түрінде кейбір тарихи оқиғалардың іздері сақталған. Бұл кешегі қалмақ-қазақ кезеңінде екі халық арасында болған шайқастардың немесе бір жекелеген қақтығыстар нәтижесінде туындаған жайттар емес пе деген ойға күдік оралады. Дау тудырмайтыны – екі сарын да Наурызға жамалған пайым-сенімдер екендігі.

Моңғолия қазақтарының Наурыз тойындағы мерекелік шаралары әрқелкі. Климаты қатаң, суық келетін Баян-Өлгей аймағында ат спорты ойындары түрлерін өткізуге мүмкіндік болмайды. Тек үй-үйді аралап, дәм татып, мәдениет үйінде ұйымдастырылатын кештермен шектеледі. Ал Қобда аймағында қысы жұмсақ келетіндіктен көкпар (жергілікті диалект бойынша – «көкпері»), ат жарысы түрлері және т. б. мерекелік шаралар өтеді.

Наурыз түні немесе басқа да той-томалақта ауылдың үлкенкішісі жиналып ойнайтын ойын түрлері көп сақталған. Мысалы, асықпен байланысты ойын түрлері: ат жарыстыру, тайынша байлау, хат ойыны, т. б. Бұдан басқа бақанға отырғызу, қарақасқа құю сияқты қалжыңдық ойындар ойналады. Бұл ойын түрлері үлкендер арасында да кең таралған.

Наурыз көжені «тілеу көже» деп те атайды. Қалыптасқан ұғым бойынша, наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалады. Наурыз тойы күні 40 немесе 41 үйден дәм тату парыз болып есептеледі.

Ертеде бұл күнді, ең алдымен балалар бастайды. Бір қызығы, тақыр кедейдің таз баласы болса да, әйтеуір бір киімін жаңадан киеді. Сонымен Наурыздың алғашқы қадамы байғазы сұраудан басталады екен. Байғазы дегеніміз, жаңа киім киген балалар көрші үйлерге кіріп, босағасында тұра қалып:

*Киімімді көріңіз,  
Бар жақсыны төгіңіз.  
Барар жерім әлі көп,  
Байғазымды беріңіз,*

– деп өлеңдетіп, киіміне көрімдік сұрайды екен. Қазіргі уақытта, байғазы сұрау тек кейбір қазақ ауылдарында сақталған.

Наурыз мейрамына арнайы бағдарлама жасалып, мерекенің думанды өтуіне бар мүмкіндіктер жасалып келеді. Соңғы жылдары наурыздың 22-сі күні Баян-Өлгей қазақтары орталық алаңға жиналған халықтың алдында ұлттық киімдер, қазаққа тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрін насихаттайтын мерекелік шеру жасайды. Алаңды айнала қазақтың киіз үйі тігіліп, келген көпшілікке дастархан жайылып, көже беріліп, ас ұсынылады. Қол өнер шеберлері қазақы ою-өрнектен істеген бұйымдарынан көрме ұйымдастырса, таңдаулы өнерпаздар өнерімен шашу шашады. Ақындар айтысып, термелер тыңдалады [5].

Ал әрбір отбасы міндетті түрде дастархан жайып, ет асып, көже пісіреді. Ауылдың ең үлкен ақсақалының үйінен бастап қыдырып, туған-туыс, жора-жолдастарын аралап, дәмнен ауыз тиеді. Моңғолияда Наурыз күніне орай, барлық қазаққа мерекені еркін тойлату үшін жұмыстан демалыс беріледі. Және мерекеге 7–10 күн қалғанда, барлық қазақтар жұмыс орнына қазақтың ұлттық киімдерін киеді. Бұл қазақы мейрамның қасиетті екенінің дәлелі болса керек.

Моңғолия қазақтары тек Наурыз мерекесінде емес, қыз ұзату, үйлену, тілашар, бесік той, сүндет той және тағы басқа барлық қазаққа тән мерекелерде палуандар күресіп, шабандоздар аламан бәйгеге шабады. Сондай-ақ көкпар, тоғызқұмалақ ойындары тағы бар. Екі жас үйлену тойында бастаңғы жасап, ақсүйек ойнайды. Сонымен қатар қыз қуу әлі күнге дейін халықтық сипат алған, моңғол жұртшылығы қызығатын қазақы дәстүр деуге болады. Қазақ халқында аңшылық кәсіптің бір саласына айналған. Бүркіт салу арқылы көп табыс табады. Бұл – ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан кәсіп. Сондай-ақ қазақ сауықшыл халық. Моңғол қазақтарында айтыс, домбыра шерту, сыбызғы тарту машыққа айналғаны байқалады. Кез келген отбасындағы қазақ баласы ешқандай үйірмеге қатыспай-ақ, халықтың рухани дәстүрі арқылы домбыра шертудің шебері.

Ал қыз-келіншектер ою-өрнекке, тоқыма, кесте тоқуға шебер келеді. Кез келген үйде әшекейлі тұскиіз, алаша, басқұр тұрады. Бұл – дамыта беретін өнер. Үлкенді құрметтеу – қазақ халқының жақсы дәстүрінің бірі. Олар қарт адамдарды аттан түсіріп, есік ашып үйге кіргізеді, төрге отырғызады, тамақты үлкен адамдардан бастап ішеді. Осылайша, Моңғолия қазақтары қазақи салт-дәстүрін сол қалпында сақтап, әлі күнге дейін аса қадір тұтып келеді.

Моңғолия қазақтары мәдениетінің ең бір еңселі бөлігі – қолөнері. Бұл да қазақтың көшпенді шаруашылық салтына байланысты, көшпенді өмірде үй-жай, шаруашылыққа қажетті заттар, ер-тұрман, киім-кешек барлығы да қолдан жасалады және олар көшпенді өмір сұранысына сай келеді. Нағыз көшпенді өмірде отырықшылар үшін жасалған бұйымдар көшпенділер өміріне сай келмейді. Осы сұраныс қолөнердің көшпенді өмірге ықшам барлық түрін талап етеді. Ол қолөнердің темір ұсталығы, ағаш шеберлігі, тоқыма, сырыма, қаптама, саптама, терме, зерделік, құрақ құрау, түйін түю, ою ою, қию қию, түзеу, ырғылау, иіру сияқты түрлері. Мұнда аталған қолөнердің бір түрінің талай-талай сыры мен қыры бар. Қолөнердің бұл түрлерін анасы қызына, әкесі ұлына тым жастайынан үйретеді, баулиды. Қолынан іс келетіндерін «текті, көргенді жердің баласы» деп мадақтаса, қолынан іс келмейтіндерін «әке көрмеген ұл», «шеше көрмеген қыз» деп сөгеді. Моральдік реттеуші ретіндегі құндылықтық бағдарлар халықтың этникалық болмысында осылай қызмет атқарады.

Моңғолияның жері кең болғанымен, егін шаруашылығына өте қолайсыз, көбіне таулы-тасты болып келетін жер бедері дәнді дақылдар, жеміс-жидектер өсіріп, баптауға мүмкіндік бермейді. Моңғолия дүние жүзіндегі туристердің көп келетін мекендерінің бірі болса, соның ішінде туризмге үлкен үлес қосып отырған Баян-Өлгий аймағы. Әдетте Батыс елдерінен келетін саяхатшылар, әсіресе, әлі қаймағы бұзылмаған көшпелі өмір салтын көруге құмар көрінеді. Қарыштап дамыған өркениеттің бар қызығын тауысқан олар үшін бұл өлке аспан астындағы тірі мұражай сияқты. Баян-Өлгийдің артықшылығы тек туризмде ғана емес, бүкіл Моңғолияда дәнді дақыл, жеміс-жидек егумен айналысатын да осы Баян-Өлгий.

Моңғолиялық қазақтар тілі мен салт-дәстүрін біршама таза сақтаған, рухы биік екенін мақтанышпен айта аламыз. Ешбір құжатқа жазылмаса да моңғолиялық қазақтардың ана тілі қазақ,

мемлекеттік тілі моңғол, әлем өркениетінен нәр алу тілі орыс, ағылшын тілі деп ойлаймын. Қазақ диаспорасын зерттеуші ғалым Зардыхан Қинаятұлы: «Қазақ қайда жүрсе де ежелгі қазақ салты, қазақ тамырымен жалғасқан рухани өмірінен еш қол үзген емес. Ұлттықтың негізгі белгісі оның нағыз ауыз омыртқасы ұлттың рухани өмірі. Айналаға қарап отырсаңыз бүгіндер бөгде елдерде, бөгде ұлт арасында өмір сүріп отырған этно топтар үшін аш жалаңаштықтан тозғындап жүргені көрінбейді. Тозғындаған тобы тек қана рухани өмірінде азып-тозып отыр. Ұлттың рухани өмірінің негізгі тірегі оның тілі мен діні, өнер, мәдениеті мен салт-дәстүрі» – деп зерделей келе, рухани әлемнің жұтаңдануына алаңдаушылық білдірген болатын [6].

Алайда, ішкері жақтағы қазақтар ана тілінен кембағал болып отырған жайты да бар. Бұл аса қынжыларлық жағдай. Тым болмаса Баян Өлгийден кейінгі қазақи үлкен орталық Уланбатар, Дархан уул, Налайхда қазақ мектептер ашылса жақсы. Қазақтар топтасқан кейбір ірі қалаларда Қазақстанның мәдени орталығы құрылса, бұл істі Улаанбатардан бастаған жөн болар еді [7].

Қазақша дұрыс сөйлеп сауат ашудың бір көзі көркем әдебиет. Алайда әдеби кітаптар онда жоқтың қасы. Барлығы ескірген, кейбірі ағымдық туындылар. Социализм заманында Баян Өлгийге Қазақстаннан оқулықтар үздіксіз келіп тұрды, кітапханалар Алматыда басылған баспа өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етілді. Өкінішке орай 1990 жылдан бері бұл байланыс үзілген. Қазақстаннан ешбір әдебиет алынбайды. Қазақ баспа тапсыру жолға түсірілген жоқ. Қазақстанның телеарнасын тек Баян Өлгийліктер ғана көреді. Орталықта қазақтың тіл, мәдениет, салт-дәстүрін дамыту жайлы істеліп жатқан шаруа шамалы. «Тәрбие басы тіл» деп Махмұд Қашқари айтқандай, тілді таза сақтаудың бір кепілі – сол ұлт тілінде білім беретін мектептер мен балабақшалар екені даусыз. Балаларды қазақша оқытатын бір де бір мектеп жоқ, барлық мектеп моңғол тілінде. Моңғол алфавитінде 35 әріп бар. Моңғолша сауат ашқан балаға қазақтың төл дыбыстарын тану қиын. Еліміздің экономикалық жағдайы қазақша мектеп ашуға мүмкіндік туғызбай отыр. Әрине, қазақи ортадан мүлде алыстағы баланы қазақша тәрбиелеу ең қиын да ауыр мәселе. Бізде қазақ тілінің ұмыт болып бара жатуының бір себебі – әлеуметтік орта, нақты өмір жағдайымыз қазақ тілін қажет етпеуінде.

Тұрмысы мен рухани өмірінде қаншама өзгерістер болып, тілі аздап шұбарланып, жан дүниесі жаңарғанымен моңғолиядағы ат төбеліндей қазақ қаймағы бұзылмай қазақ күйінде қалып отыр. Байырғы қазақ ахуалы мен дәстүрін, кәдуілгі қазақ тілі мен салт-санасының көптеген сырларын бүгінгі моңғолиядағы қазақтарының өмірінен кездестіруге болады.

Салт-дәстүр, тілі қазақша сақталып, оны өздерінің мақтанышы санап келген моңғолиядағы қазақтардың басына да қиындықтар келді. Білім жүйесіне енгізілген өзгерістер кері әсерін тигізді. «Білім жүйесі біріңғай – моңғол елінің тесттік жүйесіне бағынуы керек» дегенге бейімделген оқу басқармалары ендігі жерде оқулықтарын тек қана моңғол тілінде басып шығаруды қолға ала бастады. Мұның өзінде ойлантын жағдай.

Тәуелсіздік алғаннан кейін құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы алыстағы ағайынның рухани қажетін қанағаттандырып, біраз игі шараларға мұрындық болып келеді. Отандастарымызды көшіріп әкелу мәселесі сол елдегі елшіліктер арқылы іске асатындығы белгілі. Осы елдердегі қандастарға көрсетілер рухани сипаттағы көмектер мен қызметтер мәдени орталықтар арқылы жүзеге асады. Елшілік қызметінің – Сыртқы істер министрлігінің құзыреттілігінде болуына байланысты олар өзге елдің ішкі ісіне араласа алмайды.

Кеңестер Одағындағы қазақтардың тілін сақтап қалған ән, күй, кітап, кино, театр, радио-теледидар, қазақ мектептері... тағы басқалар дегенді жоғарыда айтып өттік. Бүгінгі таңда қолымызда бар ең үлкен көмекте осы өнер мен мәдениет саласында пайдалануымыз қажет. Әсіресе, отандастарымыздың біраз бөлігі өмір сүріп жатқан Қытай, Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Қырғызстан секілді көршілес отырған елдермен рухани-мәдени қарым-қатынаста болуымыздың маңызы зор. Көші-қон комитетінің жанынын «қазақ диаспорасының мәдени орталығы» сынды арнайы бөлім жұмыс атқаруы керек. Осы құрылған ұйым өз еліміздің үкіметтік және қаржылық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, құзырлы министрліктермен тығыз байланыс орнатып, шеттегі қазақтармен рухани бірлік қалыптастыру қажет. Бұл барыста Қазақстан тарапы байланыс жасаушы елмен екі жақты қарым-қатынастардың күшеюін және стратегиялық әріптестік қатынастарды пайдалана отырып, ондағы қазақтардың төл мүддесіне сай келетін және ұлттық рухын нығайтатын жүйелі, нысаналы және

байыпты саясат жүргізуі қажет болады. Мұнда әсіресе Мәдениет және Ақпарат министрлігі мен Білім министрлігінің көмегіне көп зәрулік туады. Атап айтқанда шетелдегі қазақтың рухани әлеміне тікелей әсер ететін – кітап, газет-журнал, кино, радио-телевизия, ән-күй, би, сурет сынды өнер туыныдары, әр түрлі мәдениет алмасулар, оқушылардың бір-біріне барыс-келісі арқылы өтетін олимпиядалары, спорттық бәсеке, т.б-лар ұтымды ұйымдастыру қажет.

Қазіргі заманның ең өткір ақпарат құралының бірі әрине, радио-телевизия. Отандастарымыз «Қазақ радиосын» тыңдап, «Хабар», «Қазақстан ұлттық телеарнасын» көретінін ескере отырып, радио-телевизияда шетел қазақтарына қатысты (немесе «Шетелдегі қазақтар» деген тақырыппен) арнайы бағдарлама ашу жөн секілді. Мүмкін болса онда шетелдегі қазақтардың өткен тарихы, бүгінгі тірлігі, әйгілі адамдары, болашақтық бағыты көрсетіліп отыруы керек. Өрі қандастар тұрған сол елдегі қазақтардың радио-телевизия тарату орындарымен арнайы байланысқа шығып, қазақ елінде түсірілген фильмдерді («Қазақфильм» немесе басқа да студиялар) оларға сыйға беріп, тегін тарату ісін қолға алған жөн. Ән-күй жағынан да ондағы қазақ радио-телевизиясына Қазақстан Үкіметі тарапынан үнемі пәрменді көмек көрсетілгені абзал.

Қазақстан тарапы үнемі шетел қазағына бағытталған іс-шаралар ұйымдастырып, оған әр шетелден өкілдер қатыстырып отыруды жыл сайын емес, ай сайын орындап отыруы керек деген ойдамыз. Ол тек қана ақындар айтысы, мүшәйра, концерттік байқаулармен шектеліп қалмай, әр түрдегі, әр мамандықтағы ғылым және өнердегі көп саланы қамтуы керек. Соның ішінде мектепаралық, университетаралық, өнер ұжымыаралық барыс-келістер көбейсе, ондағы қазақ жастары біздің ортамызға жиі келіп, ұттық болмысының жоғалуының алды алынар еді. Бұл шаралар Қазақстанда ғана өткізілмей, кезі келгенде қандастар тұрған сол шетелдердің орталық қалаларында өткізіліп тұрса тиімді болар еді [8].

Сонымен қазақтар тұрған шетелдегі басылымдар мен қазақстандық басылымда арасындағы және БАҚ өкілдері арасындағы, Жазушылар одағы арасындағы байланыстарды күшейту арқылы қазақ тіліндегі кітаптар мен басылымдардың сыртқа шығарылуын, өзара алмасуын, кітап көрмелері мен жаңа кітаптар тұсаукесерлерін өткізуін, түрліше түсіндірме сөздіктердің, энциклопедиялық еңбектердің дер кезінде жетіп тұруын, ондағылардың Қазақстандағы қазақ

басылымдарын пошта арқылы жазғызып оқуын қамтамасыз ету керек.

Моңғолия қазақтары өз ұлттық келбетін нығайтуға қызмет ететін құрылымдарын барынша бағамдап, заманауи жағдайларға сәйкес басты мақсат: ұлттық тілі мен дәстүрлі мәдениетін сақтап қалуы деп белгілеп, осы үрдістерді нығайтуға үздіксіз қызмет етуде. Бұл мәселені іске асыруда еліміздің зиялы қауымы әлем қазақтарын байланыстыратын тұғыр, ұлттық идея төңірегінде көшбасшылық рөл атқаруы керек.

Шетелдегі қазақтардың қазақстанға келу немесе келмеуі өздерінің таңдаулары. Дегенменде қазақтардың қазақ болып өз болмысымен өмір сүруі үшін қамқорлық көрсету барлық қазақ азаматтарының ғана емес, қазақ мемлекетінің де бұлжымас парызы деп ойлаймын.

Моңғолияның Батыс аймағы бұл елдегі қазақ диаспорасының тарихи-мәдени ошағы болып саналады. Соңғы жиырмажылдықта Баян-Өлгей аймағында Қазақстанмен тығыз мәдени және экономикалық байланыстар орнықты. Бүгінде бұл елдердің арасында әуе қатынасы бар. Алайда, Моңғол елімен ортақ шекара болмағандықтан жер үстіндегі көлік қатынастары қиын. Ресей арқылы жасалатын транзиттік виза қазақ қауымдастығы үшін тарихи отанына оралуда белгілі бір қиыншылықтар туғызуда. Осыған байланысты кейінгі кезде Қытай Халық Республикасы арқылы көлік қатынасының өзектілігі артып отыр. Моңғол қазақтары «Нұрлы көш» бағдарламасы туралы жақсы біледі және осы елдегі диаспораның басым көпшілігі Қазақстанға оралуға ниетті.

Дәстүрлі қазақ мәдениеті Батыс Моңғалстанда жеткілікті деңгейде сақталған. Бұл аймақта қазақ тілін өзінің туған тілі деп біледі және моңғол қазақтарының 90 пайызы қазақ тілін еркін меңгерген. Бұл зерттеулер қазақ диаспорасының өзінің ана тілін бұлжытпай сақтап, тілдік ассимиляцияның төменгі деңгейін көрсетеді. Қазақ тілі мен моңғол тілдерінің өзара ықпалдастығы дәстүрлі екендігін айта кету орынды, өйткені, бұл аймақтардағы ұлтаралық қатынас тілі болып отыр. Өкінішке орай Моңғол қазақтары орыстілді ортада Моңғолияның басқа аймақтарында толық дәрежеде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмайды. Бүгінгі күнде Моңғолстанның орталық аймақтарында қазақ тілін оқудың нақтылы мүмкіндіктері жоқтың қасы.

Моңғолстандағы қазақтар тұтастай алғанда өз этносымен бірегейліктің жоғары деңгейін сақтауда. Әсіресе, ұлттық-мәдени дәстүрде, отбасылық қатынастар және діни ғұрыптарда салт-дәстүр төлтумалылығын сақтау айқын көрініс тапқан. Отбасылық-некелік қатынастарда қазақ этносының басқа ұлт өкілдерімен араласуы төменгі деңгейде. Моңғолстандағы қазақ диаспорасы өкілдерінің басым көпшілігі моноэтникалық некеде тұрады. Моңғол қазақтарының отбасылық-некелік қатынастары белгілі бір дәрежеде, бөтен ұлттық ортада өздерін өзге этнос өкілдерінен ерекшелеп, қазақ этносына жататындықтарын айқындауға, анықтауға мүмкіндік беретін этнодифференциялаушы рөлге ие.

Қазіргі жағдайда діни фактор өзін-өзі анықтаудың формасы ретінде айырықша мәнге ие. Қазақтар шоғырлана қоныстанған аймақтардың белсенді исламдануы соңғы жылдары ислам әлемімен орнатылған байланыстарға тікелей байланысты, бұл діни ғана емес, этностық сананың да өзектілігінің артуына ықпал етеді.

Тұрмыстық мәдениет деңгейінде этностар аралығындағы айтарлықтай айырмашылықтың жоқтығы көршілес этностардың тарихи экономикалық тіршілігімен тікелей байланысты, өйткені оның ешқандай ұлттық ерекшеліктері айқын көрініс бермейді.

Барлық қазақ қауымдастықтары үшін дәстүрлі діни, мәдени құндылықтарына және дәстүрлі институттарды сақтауға ұмтылыс тән. Этникалық ортадан алшақтықтағы жағдай қазақтардың өздерінің этникалық мәдениеттерінің символикалық элементтерін айшықтауға итермелейді және олар оны қауымдаса өмір сүру арқылы сақтайды, бұл мінез-құлықтың, дүниетанымдық бағамдардың тұрмыстық деңгейде болсын, саяси және экономикалық қызметте де айырықша үлгілерінің өзектенуіне әкеледі.

Қазақ диаспорасы өкілдерінің этникалық төлтумалылығының тұрақтануының факторы – олардың экономикалық және әлеуметтік табыстылығы екендігі белгілі. Қазақстандық ғалым С. Әжіғалидің айтуынша Моңғолиядағы қазіргі кезеңде қазақ диаспорасының жеткілікті түрде сақталуының біз үшін стратегиялық маңызы бар [9]. Қазақтар ұзақ уақыт бойы менталитеті және мәдениеті жақын моңғол халқымен үйлесімді бірге қатар тұрып келеді және өзінің этномәдени ерекшелігін сақтай отырып, бұл елдің экономикалық және мәдени дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Моңғолиядағы қазақ диаспорасының келешегіне көз жүгіртіп, ұлт болып сақталуына мүмкіндік жасаудың маңызы зор. Алтай тауының теріскей бетінде қазақ ұлтының шағын тобы өз бетінше дербес өмір сүріп, білім-ғылым көшінен қалмай, ана тілін қастерлеп, өз ұлтының рухымен, мәдениетімен, өнерімен сусындап, рухани байлығының сарқылмастай қорын жинап келді. Сондықтан Моңғол қазақтарының мәдениетін зерттеу, соған орай пәрменді бастамалар көтеріп, бағыт-бағдар беру, олардың білім алуда, мәдени-рухани дамуда өткізген тағдыр талабына есеп жасап, диаспора мәселесіне қатысты стратегиялық ұстамын белгілеп, саясат жүргізу ұлт мүддесінен туындайтын өзекті мәселе болмақ. Моңғолиялық қазақтар тілі мен салт-дәстүрін біршама таза сақтаған, рухы биік екені белгіленді.

Сөйтіп, Моңғолия қазақтарының тарихи дүниетанымдық құндылықтық бастауларының терең қырлары бар және олардың ұлттық өзіндік санасының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері көрініс берген. Моңғолия қазақтарының қазіргі замандағы құндылықтық әлеміндегі сапалы өзгерістер сараптаудан өткізу арқылы олардың Қазақстанмен, яғни тарихи Отанмен этномәдени байланыстар жасауы және рухани сабақтасу мәселесі болашақ ұрпақ үшін аса маңызды екені анықталды.

### Әдебиеттер

1 *Кәпқызы Е.* Баян-Өлгий аймағы – бұзылмаған қаймағы // Түркістан. 2012, 18 қазан.

2 Моңғолия қазақтарының жалпы қазақ үшін бергені көп (тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институтының бас ғылыми қызметкері Зардыхан Қинаятұлы Баян-Өлгий аймағының саяси-тарихи мәні жөнінде Азаттық радиосына берген арнайы сұхбаты) // <http://qoshaq.wordpress.com/2012/03/07/>

3 *Мұқан А.* Моңғолия және Ресей қазақтарының бүгінгі хал күйі // Керуен. – 2012. – №3.

4 *Мұқаметханұлы Н.* Атажұртқа қандастар не әкелді? // Түркестан. – 2011, 29 қыркүйек.

5 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: Біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С. Әжіғали – Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.

6 *Қинаятұлы З.* Моңғолиядағы қазақтар. I том. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. – 2001. – 320 б.

7 Сарайқызы А. Моңғолия қазақтары // Қазақ, 6 – 13. 08. 2010

8 Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. I том. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. – 2001. – 320 б.

9. Ажигали С. Казахстану стратегически важно сохранить присутствие казахской диаспоры в Монголии // Туған тіл. – 2012. – № 2 (17). – С. 54–59.

### **3.3 Түркия мен Батыс Еуропадағы қазақ диаспорасы өкілдерінің жаңғырған заманауи әлемге бейімделуі**

Еуропа, Америка, сонымен бірге Австралия мен Түркияның өркениетті елдерінде қазақтар тұтас топ болып өмір сүрмесе де, белсенді экономикалық және мәдени өмір сүреді. Мысалы, еуропалық қазақтар аздығына қарамастан жыл сайын Кіші құрылтайларын өткізеді. Еуропа қазақтары құрылтайларының кестесі 2022 жылға дейін жасалып қойған. 2013 жылы 10 Еуропа мемлекетіндегі қазақтар Париж қаласында кіші құрылтайға жиналса, 2014 жылы Амстердамға жиналады. Олар Қазақ қоғамдық ұйымдар федерациясы орталығын Мюнхен қаласында құрды, Бельгияда қазақтардың жаңа мәдени орталығын ашты. Бұл мәліметтер шетелдердегі қазақ қауымдастығының жоғары дәрежеде өзін-өзі ұйымдастыруы мен белгілі бір ұжымдық жетілуін көрсетеді.

Шетелдегі, оның ішінде Еуропадағы қазақ қауымдастығы өте ұйымшыл. Франция азаматы Мехмет Зенгин өзінің сұхбатында этникалық қатар өмір сүру өзін-өзі қорғау сезімі екенін және оның Қазақстанмен бірге даму қажеттілігімен бірге жүретінін баса айтады. Олар қазақ тілі мен ұлттық мәдениеттің дамуына байланысты мәселелерді қарастыратын форумдарды жиі ұйымдастырады. 2012 жылдың 25-26 желтоқсанында Германияның Кельн қаласында өтетін жастар конференциясындағы бір секция «жүз» және «ру» тақырыбына арналған. Бұл өз кезегінде тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуында үлкен рөл атқаратын этногенезді оқыту мәселесінің тиімді жолы болып табылады.

Қазіргі кезде олар басым көпшілігі өз ойларын түрік, ағылшын, француз және неміс тілдерінде жеткізуді қалайтын жастардың арасында қазақ тілін дамыту мәселесінің өте қажет екендігін түсінеді. Сондықтан Абдулқайым Кесижі өз халқының мәдениеті мен дәстүрін бөтен тілде оқып-үйрену бұл мәселені шешуде еш